1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

горизонты для улучшения финансовой устойчивости и конкурентоспособности компаний.

Список использованных источников

1. Шапиро Ю.Д., Филимонцева Е.М. Финансовый анализ в условиях цифровизации: новые подходы и инструменты // Международный научный журнал «Вестник науки», Т. 4, №3 (84), 2025, С. 98-102.
2. Банк В. Р., Банк С. В., Тараскина Л. В. Финансовый анализ: учеб. пособие. – М.: ТК Велби, Изд-во Проспект, 2006, 344 с.
3. Мельничук В. А., Огорелкова Н. И. Современные методы финансового анализа // Вестник Сибирского института бизнеса и информационных технологий, №3 (1), 2014.

УДК 336.5

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ БЮДЖЕТТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Айтуған Жансая Жәнібекқызы

jansaya_aitugan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» факультеті,

«Қаржы» кафедрасы 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Ажмухамедова А.А

Ақтөбе облысы – Қазақстанның қарқынды дамып, мемлекет экономикасына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан аймақ. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Ақтөбе облысының бюджеті халықтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтауға, әл-ауқатын арттыруға, экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған. Осыған байланысты өңір әкімдіктері әлеуметтік саясатты тиімді әрі нәтижелі жүзеге асыру үшін бюджет қаражатын мақсатты түрде бөлуге аса назар аударады [1].

Бюджетті ұйымдастыру, облыстың, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау, бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалуды бақылау және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

Ақтөбе облысының бюджеті – өңірдің әлеуметтік және экономикалық дамуын қаржыландырудың негізгі құралы болып табылады. Бюджет қаржыландыру көздері негізінен салықтық түсімдерден, салықтық емес түсімдерден және мемлекеттік трансферттерден тұрады. Өңірдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бюджет қаражаты басым бағыттарға бөлініп, олардың тиімді пайдаланылуы қатаң бақылауда ұсталады.

Бірінші кестеде Ақтөбе облысының бюджеттік жоспары бойынша орындалған бюджеті, кіріс бөлігі көрсетілген.

1-кесте 2022-2024 жылдарға Ақтөбе облысының бюджеттік жоспары бойынша кассалық орындалған бюджеті

(кірістер, мың тг)

Атауы	Кассалық орындалу		
	2022	2023	2024
Салықтық түсімдер	132 602 216,5	169 788 030,5	217 147 691,3
Салықтық емес түсімдер	8 384 944,8	9 083 114,5	11 013 335,8
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	9 533 589,1	6 278 885,3	5 032 194,8


Трансферттердің түсімдері	223 125 314,0	254 215 865,4	367 891 793,8
Бюджеттік кредиттерді өтеу	4 693 870,3	3 571 823,8	3 030 066,2
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	56,7	-1 927,5	0,0
Қарыздар түсімдері	11 145 715,0	10 718 633,0	27 093 189,0
Жиынтығы	389 485 706,4	453 654 425,0	631 208 270,9
Ескерту: дерек көзі негізінде автормен құрастырылған [2]			

Кірістер құрылымында ең үлкен үлесті салықтық түсімдер және трансферттік түсімдер құрайды. Салықтық түсімдер 2022 жылы 110,9 млрд теңге болса, 2024 жылы 217,1 млрд теңгеге жетіп, екі жыл ішінде 96%-ға артқан. Салықтық емес түсімдер де өсіп, 2022 жылы 4,06 млрд теңге болса, 2024 жылы 11,01 млрд теңгені құраған.

Сонымен қатар, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 2022 жылы 8,58 млрд теңге болса, 2024 жылы 5,03 млрд теңгеге дейін азайған, яғни 41%-ға қысқарған. Трансферттік түсімдер бюджет кірісінің маңызды бөлігін құрайды және 2022-2024 жылдары 199,2 млрд теңгеден 367,9 млрд теңгеге дейін өсіп, 84,7%-ға артқан.

Шығыстар да осы кезеңде тұрақты өсіп, 2022 жылы 382,7 млрд теңге, 2023 жылы 450,8 млрд теңге, ал 2024 жылы 603,9 млрд теңгені құраған. Яғни, облыс бюджетінің жалпы шығыстары 2022-2024 жылдары 58%-ға өскен.

Екінші суретте 2022-2024 жылдарға арналған облыс бюджеті шығыстарының құрылымы көрсетілген.



1-сурет. 2022-2024 жылдарға арналған облыс бюджеті шығыстарының құрылымы
Ескерту: дерек көзі негізінде автормен құрастырылды [2]

Ақтөбе облысының әлеуметтік саясаты халықтың әл-ауқатын арттыруға, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және инфрақұрылымды жетілдіруге бағытталған. Әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтары білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй құрылысы және жұмыспен қамту салаларында айқын көрінеді.

Білім беру саласы – облыстық бюджеттің ең үлкен үлесін алатын маңызды бағыттарының бірі. Қазіргі таңда облыста 434 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді, оны 280-і ауылдық жерлерде орналасқан. Өңірде жаңа мектептер салу арқылы үш ауысымды оқытуды жоюға және білім сапасын арттыруға баса назар аударылуда. Мектептер мен балабақшалар құрылысына, мектептерді жаңғыртуға, пәндік кабинеттерді жаңартуға және мектеп автобус паркін толықтыруға бағытталған жұмыстар жасалуда. Соңғы жылдары «Жас маман» жобасы арқылы колледждердің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсартылды. Сонымен қатар, облыстың бірнеше мектебіне жоғары жылдамдықтағы

интернет желісі, Starlink жүйесі енгізілді. 2022-2024 жылдары білім беру саласына бөлінген қаражат көлемі едәуір артты [1].

2022 жылы бұл салаға 152,3 млрд теңге, 2023 жылы – 247,9 млрд теңге, ал 2024 жылы – 260,5 млрд теңге бағытталды. Білім беру инфрақұрылымын жақсарту аясында 2022 жылы 4200 жаңа орын, 2023 жылы 5270 жаңа орын, 2024 жылы 5000 жаңа орын құрылды. Сонымен қатар, 2022 жылы 9 мектеп, 2023 жылы 10 мектеп, 2024 жылы 12 мектеп күрделі жөндеуден өтті.

Денсаулық сақтау саласында соңғы жылдары бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. 2022 жылы 9 медициналық ұйым жөнделіп, 10 жаңа амбулатория пайдалануға берілді. 2023 жылдың өзінде 21 жаңа медициналық нысан пайдалануға берілді, 2024 жылы 12 медициналық мекеме жөндеуден өтіп, 14 жаңа амбулатория іске қосылды. Алдағы уақытта тағы бірнеше фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы жоспарлануда. Сонымен қатар, денсаулық сақтау мекемелерін цифрландыру жұмыстары жүргізілуде [1].

2022 жылы – 0,9 млрд теңге бөлінді. 2023 жылы 1,2 млрд теңге бөлініп, Мұғалжар, Алға, Байғанин, Ойыл аудандарында 10-нан астам жаңа медициналық нысан салынды. Ал, 2024 жылы – 1,5 млрд теңге бөлінді.

Облыс экономикасын дамыту мақсатында кәсіпкерлікті қолдау шаралары жүзеге асырылады. 2022 жылы облыста 48 мың жаңа жұмыс орны, 2023 жылы 35,4 мың, 2024 жылы 21 мың жұмыс орны құрылды.

Жұмыссыздық деңгейі тұрақтандырылып, 2022 жылы 4,75%, 2023 жылы 4,7%, 2024 жылы 4,65% деңгейінде сақталды. Бұл орайда мынадай шаралар қаржыландырылды:

- азаматтарды жұмысқа орналастыруда атаулы қолдауды күшейтуде;
- еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру және еңбек нарығының инфрақұрылымын дамытуда;
- азаматтардың белгілі бір санаттарын жұмыспен қамтуды және еңбек ресурстарының ұтқырлығын қамтамасыз етудегі қолдау.

Бұл жұмыс қолданыстағы eпбек.kz платформа базасында жүзеге асырылды. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2022 жылы 75,1 мың, 2023 жылы 83,8 мың, 2024 жылы 84,2 мың бірлікке жетті [11].

Кәсіпкерлікті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар аясында бөлінген қаражат көлемі 2022 жылы 12,8 млрд теңге, 2023 жылы 14,5 млрд теңге, 2024 жылы 16 млрд теңге болды. Бұл қаражат кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беру, жаңа жобаларды іске асыру және инфрақұрылымды дамытуға бағытталды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауыл кәсіпкерлеріне қаржылай қолдау көрсетілуде. Бұл бағдарлама бойынша соңғы жылдары 2700 кәсіпкерге несие беріліп, 1300 азамат мал шаруашылығымен айналысу үшін жеңілдетілген несие алды. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында мемлекет тарапынан 1,5 млрд теңге бөлінді.

Тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінді. 2022 жылы 1250 мың кв.м, 2023 жылы 1285,7 мың кв.м, 2024 жылы 487,3 мың кв.м тұрғын үй пайдалануға берілді.

Автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары жалғасып, 2022 жылы 502,7 км, 2023 жылы 632,2 км, 2024 жылы 500 км жол жөндеуден өтті.

Ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша 2022 жылы 12 ауыл, 2023 жылы 5 ауыл, 2024 жылы 6 ауыл орталықтандырылған су жүйесіне қосылды.

Газдандыру бойынша 2022 жылы 18 ауыл, 2023 жылы 16 ауыл, 2024 жылы 18 ауыл газбен қамтамасыз етілді. Бұл шаралар өңірдің инфрақұрылымын дамытуға және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталды.

Ақтөбе облысының бюджеті мен әлеуметтік саясаты өңірдің стратегиялық даму жоспарларымен үйлестіріліп, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда қазақстанның кейбір өңірлерінде орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары мен бюджеттік жоспарлау арасындағы байланыс әлсіз.

Әсіресе, әлеуметтік саланың стратегиялық мақсаттары мен бюджет шығындары арасындағы үйлесімділікке қол жеткізу қажет. Сондықтан бюджеттік қаражатты тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін бағдарламалық-мақсатты басқару тәсілдерін одан әрі дамыту талап етіледі.

Мемлекеттік бағдарламалар – әлеуметтік саладағы бюджеттік қаражатты мақсатты әрі нәтижелі басқарудың басты құралы. Қазақстанда әлеуметтік саладағы бюджеттік қаражатты басқару тиімділігін арттыру мақсатында бағдарламалық-мақсатты бюджеттеу әдістері жүйелі түрде енгізілуде. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 50-бабына сәйкес, бюджеттік шығыстар мемлекеттік және бюджеттік бағдарламалар негізінде жоспарланады және іске асырылады.

Ақтөбе облысы мысалында қарастыратын болсақ, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуында бюджеттік қаражатты тиімді жоспарлау мен пайдалану маңызды рөл атқарады. Ақтөбе облысының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму жоспары мен аймақтық даму стратегиясында білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салалары негізгі басымдықтар ретінде айқындалған.

Ақтөбе облысының әлеуметтік секторындағы бюджеттік қаражаттың басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларына бағытталған (2-кесте). Бұл көрсеткіштер жыл сайын өзгеріп отырады және облыстың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына тікелей байланысты.

2 - кесте. Ақтөбе облысының әлеуметтік салалар бойынша бюджеттік шығыстарының құрылымы (2022-2024 жж.)

Әлеуметтік сала атауы	Жылдар бойынша үлес салмағы		
	2022	2023	2024
Білім беру	39,8%	40,5%	41,0%
Денсаулық сақтау	2,95%	1,90%	1,88%
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	4,5%	5,1%	4,84%
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	4,88%	5,75%	5,02%
Ескерту: дерек көзі негізінде автормен құрастырылды [3]			

2022-2024 жылдар аралығында әлеуметтік саладағы негізгі басымдық білім беру саласына беріліп отыр, ол барлық кезеңде жалпы шығыстардың шамамен 40-41%-ын құрады. Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғау салаларының үлес салмағы айтарлықтай төмен көрсеткішке ие болғанымен, олардың да тұрақты түрде қаржыландырылып отырғанын байқауға болады.

Сонымен қатар, облыс деңгейінде бюджеттік жоспарлау мен орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық болжамдардың өзара байланысын жетілдіру қажеттілігі байқалады. Бюджет қаражатын стратегиялық мақсаттарға және әлеуметтік көрсеткіштерге бағдарлау тетіктері жеткіліксіз дәрежеде жүзеге асырылып отыр.

Бағдарламаларды бюджеттен қаржыландырудың тиімділігін арттыру мақсатында Ақтөбе облысында мемлекеттік бағдарламалар негізінде бюджеттік ресурстарды қайта бөлудің оң нәтижесі байқалуда. Мысалы, «Ақтөбе облысының 2021-2025 жылдарға арналған жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бағдарламасы» шеңберінде бөлінген қаражат нәтижеге бағытталып, әлеуметтік тиімділік көрсеткіштері бойынша бағалануда.

Әлеуметтік саладағы бюджет қаражатын басқару тиімділігін арттыруда цифрлық технологиялардың да рөлі ерекше.

Қазақстан Республикасында электрондық үкімет – eGov цифрлық жүйесі мемлекеттік қызметтерді электронды форматта ұсыну арқылы азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара әрекетін әлде қайда жеңілдетуде. Бұл жүйе әлеуметтік саланы қаржыландыруда да маңызды рөл атқарады, себебі әлеуметтік төлемдер мен қызметтерді алу процесін оңтайландырады.

«Қазынашылық – Клиент» жүйесі де мемлекеттік мекемелердің қаржылық операцияларын электрондық түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе бюджеттік қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етіп, қаржылық процестердің ашықтығын арттырады. Мысалы, мемлекеттік мекемелер өздерінің қаржылық есептілігін және төлем тапсырмалары электрондық түрде ұсына отырып, бюджеттік қаражаттың уақытылы және дұрыс бөлінуін қамтамасыз етеді.

Цифрлық бюджетті қаржыландыру құралдары бюджеттік процестерді автоматтандыру арқылы қаражатты басқарудың тиімділігін арттырады. Бұл құралдар бюджетті жоспарлау, орындау және мониторингтеу кезеңдерінде деректерді нақты уақыт режимінде талдауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде, бюджеттік шешімдер қабылдау процесі жеделдеп, ресурстардың тиімді бөлінуі қамтамасыз етіледі.

Осылайша, цифрлық құралдар мен технологияларды енгізу әлеуметтік саладағы бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін арттырып, мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартады және халықтың әл-ауқатын көтеруге ықпал етеді.

Осыған орай, Қазақстанда бюджеттік қаржыландыруды оңтайландыру мақсатында қолданылатын және жоспарланған бірнеше инновациялық тәсілдер бар:

1. Smart Data Ukimet – мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде жинақталатын деректерді жинау, сақтау және кешенді талдауға арналған ақпараттық аналитикалық жүйе. Бұл жүйе мемлекеттік шығыстарды оңтайландырып, артық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді [4].

Бұл жүйе облыс деңгейінде 2023 жылдан бастап енгізілді және бюджеттік қаражатты 10%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік берді.

2. Қатысу бюджеті (Participatory Budgeting) – халықтың тікелей бюджет бөлуге қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл әдіс Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 2021 жылдан бастап пилоттық жоба ретінде енгізіліп, 2023 жылы өңірлік деңгейде кеңейтілді.

Ақтөбе облысында бұл жоба 2022 жылы енгізіліп, 2023 жылы аудан деңгейінде кеңейтілді. 2023 жылы облыста 250 млн теңгеге жуық қаражат осы жоба аясында бөлінді.

3. «Қазынашылық – клиент» ақпараттық жүйесі – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің және оның аумақтық қазынашылық органдарының мемлекеттік мекемелермен, бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен, уәкілетті мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен және мемлекеттік сатып алу субъектілерімен қазынашылықтың қабылдау, қазынашылық органдарына берілген құжаттарды өңдеу және есеп беру функцияларын автоматтандыруды қамтамасыз етуге арналған электрондық құжат айналымы жүйесі [5].

Ақтөбе облысында «Қазынашылық – Клиент» жүйесі 2021 жылдан бастап енгізілді, жүйе арқылы 2022 жылы 20 млрд теңгеге жуық төлем жүргізілді.

4. «Ашық бюджет» жобасы – бюджеттік бағдарламалардың орындалуын халықтың бақылануына мүмкіндік беретін онлайн платформа. 2022-2024 жылдар аралығында «Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру» және «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту» бюджеттік бағдарламалары «Ашық бюджет» порталында талқылауға ұсынылды.

2022 жылдан бастап Ақтөбе облысында бюджеттік қаражаттың жұмсалуды бақылауға мүмкіндік беретін «Ашық бюджеттер» порталы белсенді пайдаланылуда [5].

5. Әлеуметтік әсер облигациялары (SIB, Social Impact Bonds) – жеке сектор мен мемлекеттің серіктестігін дамыту мақсатында енгізілуде. Қазақстанда алғашқы SIB жобасы 2022 жылы іске қосылып, балалар үйлерінен шыққан жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған. Сонымен қатар, Ақтөбе облысында 2024 жылы денсаулық сақтау саласында SIB тетігін енгізу мүмкіндігі қарастырылып, жоспарланды. Қазірде инвесторлар тарту жұмыстары жүргізілуде.

Дегенмен, Қазақстан тәжірибесі шетелдегі озық үлгілермен салыстырғанда әлі де даму сатысында (3-кесте).

3-кесте. Қазақстанда енгізуге болатын инновациялық тәсілдер

Көрсеткіштер	Қазақстан	Эстония (Blockchain)	Финляндия (Digital Twin)	Қытай (Ai&Big Data)	Франция (Green Budgeting)
Инновациялық модель	Дәстүрлі бюджеттеу	Блокчейн негізінде бюджеттік бақылау	Цифрлық егіз технологиясы	AI және Big Data технологияларын қолдану	Жасыл бюджеттеу
Қолдану саласы	Мемлекеттік қаржы, әлеуметтік салалар	Бюджет қаржысын толық бақылау және ашықтық	Бюджеттік жоспарлауда цифрлық болжау	Мемлекеттік шығындарды оңтайландыру	Қоршаған орта және климаттық өзгерістер
Тиімділікке бағытталуы	Бюджеттік үнемдеу, ашықтық	Қаржылық деректердің ашықтығы мен қорғауды қамтамасыз ету	Бюджет қаражатының тиімділігін болжау және бағалау	Мемлекеттік қаржыны дұрыс бөлу және оңтайландыру	Экологиялық тұрақтылықты дамыту
Қатысу деңгейі	Шектеулі (қазіргі жүйе)	Блокчейн негізінде автоматты есеп	Үкіметтік деңгейде стратегиялық жоспарлау	ЖИ арқылы мемлекеттік шығыстарды болжау	Мемлекеттік бюджетте экологиялық нормаларды сақтау
Бюджет үнемділігі	Дамушы жүйе	Бюджеттік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты төмендету	Қаржылық жоспарлауда дәлдік деңгейін 20%-ға арттыру	Бюджеттік шешімдердегі адами факторларды азайту	Климаттың өзгеруіне қарсы күреске инвестицияларды ұлғайту
Ескерту: дерек көзі негізінде автормен құрастырылған					

Қазақстанда инновациялық бюджеттік тәсілдерді енгізу бағытында маңызды қадамдар жасалуда. Алайда, алдыңғы қатарлы елдерде қолданылатын блокчейн технологиясы, цифрлық егіздер, Big Data және AI негізіндегі бюджеттеу, жасыл бюджеттеу сияқты тәсілдер елімізде әлі толыққанды енгізілмеген.

Қазақстанда шетелдік инновациялық тәжірибелерді аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып бейімдеу бюджеттік процестердің тиімділігін арттыруға септігін тигізеді. Әрбір өңірдің әлеуметтік қажеттіліктеріне сай икемделген инновациялық қаржыландыру құралы – бюджет қаражатын басқару сапасын жақсартуға және халықтың шешім қабылдау процесіне қатысуын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Алдағы жылдары әлеуметтік бағдарламалар мен инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруды кеңейту жоспарланып отыр. Болжамды бюджет көрсеткіштері өңірдегі демографиялық өсім, Инфрақұрылымдық даму және әлеуметтік салалардағы реформаларды ескере отырып жасалған (4-кесте).

4-кесте. Ақтөбе облысының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттік жоспарындағы (болжам) әлеуметтік салалар үлесі

Әлеуметтік сала атауы	Жылдар бойынша үлес саламағғы		
	2025	2026	2027
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	4,73%	4,88%	3,71%
Білім беру	55,82%	50,83%	47,65%
Денсаулық сақтау	3,19%	4,41%	4,10%
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	6,01%	4,06%	3,72%
Тұрғын үй-коммуналдық кешені	3,08%	2,46%	0,03%
Ескерту: дерек көзі негізінде автормен құрастырылды [6]			

Бұл деректер Ақтөбе облысындағы әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыруды әртараптандыру қажеттігін көрсетеді. Әсіресе, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) және халықаралық ұйымдардың гранттарын тарту маңызды.

Он бесінші кестеде 2025-2027 жылдарға арналған Ақтөбе облысындағы мемлекеттік емес қаржыландыру көздерінің болжамы көрсетілген.

5-кесте. Мемлекеттік емес қаржыландыру көздерінің 2025-2027 жылдарға арналған болжамы

(млрд теңге)

Қаржыландыру көзі	Жылдар		
	2025	2026	2027
Мемлекеттік бюджет	332,0	345,0	358,0
Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік	28,0	32,0	36,0
Квазимемлекеттік сектордың әлеуметтік инвестициялары	9,2	10,5	12,0
Халықаралық ұйымдар гранттары	12,5	14,0	16,0
Жеке инвестициялар	5,0	7,0	9,5
Жиыны	386,7	408,5	431,5
Ескерту: дерек көзі негізінде автормен құрастырылды [6]			

Ақтөбе облысында әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландырудағы дәстүрлі әдістерімен қатар, баламалы қаржы көздерін тарту қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі таңда өңірде бюджеттік жүктемені төмендету мақсатында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары кеңінен қолданылуда. 2025-2027 жылдар аралығында облыста 4 жаңа мектеп пен 2 аурухана МЖӘ аясында салынбақ, бұл білім беру және денсаулық сақтау секторларындағы қаржылық ауыртпалықты азайтады.

Сонымен қатар, халықаралық ұйымдардан және донорлардан қаржы тарту перспективалары қарастырылуда. Осы орайда, Ақтөбе облысының бюджеттік құрылымында Мұғалжар ауданы маңызды рөл атқарады. Ауданның донорлық әлеуеті әсіресе «Аужан» кен орнында жүзеге асырылатын мұнай өндіру қызметімен тығыз байланысты. Өңірдегі мұнай өндіруші кәсіпорындардан түсетін кірістердің бір бөлігі эмиссияланып, облыстық бюджетке қайта бөлінеді.

Алайда, донорлық аудан мәртебесіне ие бола отырып, Мұғалжар ауданының өзі әлеуметтік саланы қаржыландыруда белгілі бір шектеулерге тап болады.

2025 жылы 12,5 млрд теңге көлемінде гранттық қаражат тарту жоспарланып отыр. Бұл қаражат негізінен әлеуметтік осал топтарға бағытталған болады. 2026-2027 жылдарға арналған болжамдар бойынша, бұл көрсеткіш жылына 14-16 млрд теңге аралығында сақталуы мүмкін.

Квазимемлекеттік сектордың қатысуы да маңызды рөл атқарады. Ақтөбе облысының ірі өндірістік кәсіпорындары, соның ішінде «ҚазМұнайГаз» және «ҚазТрансГаз» компаниялары, өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға инвестиция салуды жалғастыруда. 2025 жылы бұл сектордан 9,2 млрд теңге, 2027 жылға қарай 12 млрд теңге бөлінеді деп жоспарлануда.

Мұндай жағдайларды ескере отырып, облыста әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды оңтайландырудың бірнеше перспективалық бағытын ұсынуға болады.

1.Нәтижеге бағытталған бюджеттік жоспарлау – әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігін нақты индикаторлар арқылы бағалау.

2.Қаржыландыру көздерін әртараптандыру – МЖӘ жобалары, халықаралық гранттар мен жеке инвестицияларды тарту.

3.Цифрландыру және ашықтықты арттыру – «e-Бюджет», «Smart Region» платформаларын енгізу арқылы қаржының жұмсалуын бақылау.

4.Инновациялық қаржылық құралдарды пайдалану – әлеуметтік облигациялар, краудфандинг және еріктілер бастамаларын дамыту.

Оңтайландыру шараларын іске асыру барысында Ақтөбе облысының аймақтық ерекшеліктерін ескеру қажет. Өңірдің урбанизация деңгейінің жоғары болуы және ірі өндірістік орталық ретінде дамуымен қатар, шалғайдағы аудандар мен ауылдарда инфрақұрылымның жеткіліксіздігі байқалады. Сондықтан облыстың Мұғалжар, Байғанин, Темір сияқты шалғай аудандарында сапалы әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті арттыру үшін мобильді қызметтерді (мобильді медицина кешендері, жылжымалы кітапханалар және т.б.) дамыту тиімді шешімдердің бірі болмақ.

Осы ұсыныстарды жүйелі түрде енгізу нәтижесінде бюджеттік қаражаттың пайдалану тиімділігін арттыруға, халықтың әлеуметтік қызметтерге қанағаттану деңгейін жоғарылатуға және облыс халқының өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, әлеуметтік бағдарламалардың нәтижеге бағытталуы олардың қоғам үшін нақты пайдасын бағалауға және бюджеттің ашықтығымен есептілігін күшейтуге септігін тигізеді.

Жалпы алғанда, Ақтөбе облысында әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды оңтайландыру шаралары өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму динамикасына оң әсерін тигізетін ұзақ мерзімді перспективаға ие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Ақтөбе газеті» облыстық қоғамдық-саяси газет <https://aqtobegazeti.kz> 2022-2024 жылдарға Ақтөбе облысы бойынша бюджетінің орындалуы <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-karzhy/>
2. Ақтөбе облысының қаржы басқармасының әлеуметтік сала бойынша есептері, 2023. <https://www.gov.kz/?Lang=kk>
3. "Smart Data Ukimet" ақпараттық-талдау жүйесі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 3 қазандағы № 424 және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 3 қазандағы № 458/НҚ бірлескен бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz>
4. ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті <https://www.gov.kz/?Lang=kk>
5. 2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы Ақтөбе облыстық мәслихатының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 186 шешімі <https://adilet.zan.kz/kaz>

УДҚ (33.336.7)

КРЕДИТТЕР БОЙЫНША ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРДІ РЕТТЕУ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕГЕ КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ

Асқар Сымбат Ерланқызы

askarova_symbat6@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті қаржы кафедрасының 4-ші курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – доктор PhD Хамитхан Н.

Пайыздық мөлшерлемелерді реттеу орталық банктерге экономикалық белсенділікке, инфляцияға және қаржылық тұрақтылыққа әсер етуге мүмкіндік беретін ақша-несие саясатының негізгі құралы болып табылады. Бұл эсседе біз пайыздық мөлшерлемені реттеудің соншалықты маңызды болуының негізгі себептерін қарастырамыз.

Пайыз мөлшерлемесін реттеудің негізгі аспектілерінің бірі оның экономикалық белсенділікке әсері болып табылады. Пайыздық мөлшерлемелер төмендеген кезде ақша арзандайды, бұл бизнес пен жеке тұлғаларды көбірек несие алуға ынталандырады. Бұл инвестицияның, тұтынудың және соның нәтижесінде экономикалық өсудің артуына әкеледі. Керісінше, пайыздық мөлшерлемелерді көтеру қарыз алуды қымбаттатады, бұл экономикалық өсуді бәсеңдетеді, бірақ инфляцияны тежеуге көмектеседі.